

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ ҚОРШАҒАН ОРТА ЖАЙ-КҮЙІ ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ БЮЛЛЕТЕНІ

№12 шығарылым
Қыркүйек 2023 жыл



Қазақстан Республикасы
экология және табиғи ресурстар
министрлігі
"Қазгидромет" РМҚ
Маңғыстау облысы бойынша филиалы

	МАЗМҰНЫ	Стр.
	Алғы сөз	3
1	Атмосфералық ауаны ластаудың негізгі көздері	4
2	Атмосфералық ауа сапасының жай-күйі	4
3	Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы	10
4	Жер үсті сулары сапасының жай-күйі	10
5	Түптік шөгінділер сапасының жай-күйі	11
6	Радиациялық жағдай	12
7	1 Қосымша	13
8	2 Қосымша	15
9	3 Қосымша	16
10	4 Қосымша	17

Алғы сөз

Ақпараттық бюллетень ұлттық гидрометеорологиялық қызметтің бақылау желісіне қоршаған орта жай-күйіне экологиялық мониторинг жүргізу жөнінде «Қазгидромет» РМК арнайы бөлімшелерімен орындалатын жұмыс нәтижелері бойынша дайындалған.

Бюллетень Маңғыстау облысы аумағындағы (Ақтау қ, Жаңаөзен қ және Бейнеу кенті) қоршаған ортаның жай-күйі туралы мемлекеттік органдарды, қоғам мен халықты ақпараттандыруға арналған және ластану деңгейінің өзгеру тенденциясын ескере отырып ҚР Қоршаған ортаны қорғау саласындағы іс-шаралардың тиімділігін одан әрі бағалауға мүмкіндік береді.

Маңғыстау облысының атмосфералық ауасының сапасын бағалау

1. Атмосфералық ауаны ластаудың негізгі көздері

"Маңғыстау облысы бойынша экология департаменті" РММ деректеріне сәйкес облыс аумағында қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыратын 70 ірі кәсіпорын жұмыс істейді. Бұл кәсіпорындардан шығатын ластаушы заттардың нақты жиынтық шығарындылары 79,04 мың тоннаны құрайды.

PM-2,5 және PM10 қалқыма бөлшектері концентрациясының артуы Маңғыстау облысының климаттық жағдайларына байланысты. Әсіресе желдің жылдамдығы 15-18 м/с жеткен күндерде байқалады.

2. Ақтау қаласының атмосфералық ауа сапасын бақылау

Ақтау қаласы аумағында атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 4 бақылау бекетінде жүргізіледі, яғни 2 сынаманы қолмен іріктеу бекеті және 2 автоматтық станция (1-қосымша).

Жалпы қала бойынша 10 көрсеткішке дейін анықталады: 1) қалқыма бөлшектер (шаң); 2) PM-2,5 қалқыма бөлшектері; 3) PM-10 қалқыма бөлшектері; 4) күкірт диоксиді; 5) көміртегі оксиді; 6) азот диоксиді; 7) азот оксиді; 8) күкірттісутек; 9) күкірт қышқылы; 10) озон; 11) аммиак.

1-кестеде бақылау бекеттерінің орналасқан жері және әрбір бекетте анықталатын көрсеткіштер тізбесі туралы ақпарат көрсетілген.

1 кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

№	Сынама алу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
3	қол күшімен алынған сынама	Ақтау қаласы, 1 шағынаудан, № 3 мектеп аумағында	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкірт қышқылы
4		Ақтау қаласы, 22 шағын аудан № 22 мектеп аумағында	
5	үзіліссіз режимде әр 20 минут сайын	Ақтау қаласы, 12 шағын аудан	күкірт диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутек, көміртегі оксиді, аммиак
6		Ақтау қаласы, 32а шағынауданы	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, күкірттісутек, озон(жербеті), көміртегі оксиді

2023 жылғы қыркүйек айындағы Ақтау қаласының атмосфералық ауа сапасын бақылау нәтижелері.

Бақылау желісінің деректері бойынша Ақтау қаласының атмосфералық ауасының жалпы ластану деңгейі *төмен* болып бағаланды, СИ=1,5 (төмен деңгей) мәнімен күкіртті сутегі бойынша № 5 бекет аумағында (12 шағын аудандан) және ЕЖҚ=0 % (төмен деңгей) мәнімен анықталды.

Ластаушы заттардың максималды-бір реттік шоғырлары төмендегілер бойынша байқалды: күкіртті сутегі – 1,5 ШЖШ_{м.б.}

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары төмендегілер бойынша байқалды: РМ-10 қалқыма бөлшектері – 3,4 ШЖШ_{о.т.}.

Экстремалды жоғары және жоғары ластану жағдайлары (ЭЖЛ және ЖЛ): ЖЛ (10 ШЖК астам) және ЭЖЛ (50 ШЖК астам) жағдайлары анықталмады.

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінен асып кету еселігі және асып кету жағдайларының саны 2-кестеде көрсетілген.

2 кесте

Атмосфералық ауа ластануының сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр		Ең жоғарғы бір реттік шоғыр		ЕЖҚ	ШЖШ арту жағдайларының саны		
	мг/м ³	ШЖШ о.т.асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ м.б.асу еселігі		%	> ШЖШ	>5 ШЖШ
					оның ішінде			
Ақтау қаласы								
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,02	0,14	0,30	0,60	0			
РМ-2,5 қалқыма бөлшектері	0,00	0,03	0,00	0,01	0			
РМ-10 қалқыма бөлшектері	0,20	3,4	0,20	0,67	0			
Күкірт диоксиді	0,01	0,19	0,03	0,06	0			
Көміртегі оксиді	0,47	0,16	3,66	0,73	0			
Азот диоксиді	0,02	0,58	0,13	0,65	0			
Азот оксиді	0,01	0,22	0,06	0,16	0			
Күкіртті сутегі	0,002		0,01	1,5	0	3		
Озон	0,004	0,12	0,02	0,10	0			
Аммиак	0,029	0,73	0,12	0,60	0			
Күкірт қышқылы	0,02	0,22	0,04	0,13	0			

Қорытынды:

Соңғы бес жылда ауаның ластану деңгейі қыркүйек айында келесідей өзгерді:



Кестеден көріп отырғанымыздай, 2019 жылдың қыркүйек айындағы ластану деңгейі өте жоғары деп бағаланды. 2020-2022 жылдары ластану деңгейі көтеріңкі, ал 2021 жылы жоғары көрсеткіште болды. 2023 жылы ластану деңгейі төмен деп бағаланды.

Максималды-бір реттік ШЖШ арту жағдайларының саны төмендегілер бойынша байқалды: күкіртті сутек (3 жағдай).

Орташа тәуліктік ШЖШ асу еселігі РМ-10 қалқыма бөлшектері бойынша байқалды.

Ақтау қаласының метеорологиялық жағдайы.

Ауаның орташа айлық температурасы +19,0+21,0°С болды, бұл норма шамасында (норма: +18,6+20,8°С).

Облыс бойынша айлық жауын-шашын нормаға жуық түсті, тек ГМС Ақтау 12,6мм, ГМС Форт-Шевченкода 28,0 мм, МС Самда 19,6 мм, МС Бейнеуде 34,3 мм жауды бұл нормадан артық 180-686% құрады.

Маңғыстау облысының аймағы ай бойы жер беті барикалық өрістердің өзгеріуіне байланысты тұрақсыз ауа райы сақталып, ауа температурасының ауытқуы, жауын-шашын, желдің күші 15-20 м/с жетті

Қыркүйек айында ҚМЖ тіркелмеді.

2.1 Жаңаөзен қаласының атмосфералық ауа сапасын бақылау

Жаңаөзен қаласы аумағында атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 2 автоматтық бақылау бекетінде жүргізіледі (1-қосымша).

Жалпы қала бойынша 7 көрсеткішке дейін анықталады: 1) РМ-10 қалқыма бөлшектері; 2) күкірт диоксиді; 3) көміртегі оксиді; 4) азот диоксиді; 5) азот оксиді; 6) күкірттісутек; 7) озон.

1-кестеде бақылау бекеттерінің орналасқан жері және әрбір бекетте анықталатын көрсеткіштер тізбесі туралы ақпарат көрсетілген.

1 кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

№	Сынама алу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	үзіліссіз режимде әр 20 минут сайын	әкімшіліктің маңы	РМ-10 қалқыма бөлшектері, көміртегі оксиді, озон (жербеті)
2		Махамбет к-сі 14 Амектеп	азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, көміртегі оксиді, күкіртті сутек

2023 жылғы қыркүйек айындағы Жаңаөзен қаласының атмосфералық ауа сапасы мониторингінің нәтижелері.

Бақылау желісінің деректері бойынша Жаңаөзен қаласының атмосфералық ауасының жалпы ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, **СИ=3,8** (көтеріңкі

деңгей) және ЕЖҚ=1% (көтеріңкі деңгей) мәнімен күкіртті сутегі бойынша № 2 бекет аумағында (Махамбет к-сі 14 А мектеп) анықталды.

Ластаушы заттардың максималды-бір реттік шоғырлары төмендегілер бойынша байқалды: көміртегі оксиді – 1,45 ШЖШм.б., күкіртті сутегі – 3,8 ШЖШм.б..

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары төмендегілер бойынша байқалды: озон (жер беті) – 1,2 ШЖШо.т..

Экстремалды жоғары және жоғары ластану жағдайлары (ЭЖЛ және ЖЛ): ЖЛ (10 ШЖК астам) және ЭЖЛ (50 ШЖК астам) жағдайлары анықталмады.

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінен асып кету еселігі және асып кету жағдайларының саны 2-кестеде көрсетілген.

2 кесте

Атмосфералық ауа ластануының сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр		Ең жоғарғы бір реттік шоғыр		ЕЖҚ	ШЖШ арту жағдайларының саны		
	мг/м ³	ШЖШ о.т.асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ м.б.асу еселігі		%	> ШЖШ	>5 ШЖШ
					оның ішінде			
Жанаозен қаласы								
PM-10 қалқыма бөлшектері	0,02	0,41	0,06	0,19	0			
Күкірт диоксиді	0,01	0,29	0,03	0,06	0			
Көміртегі оксиді	0,26	0,09	7,24	1,45	0	7		
Азот диоксиді	0,00	0,06	0,05	0,23	0			
Азот оксиді	0,02	0,40	0,16	0,41	0			
Күкіртті сутегі	0,003		0,03	3,8	1	15		
Озон	0,04	1,2	0,09	0,54	0			

Қорытынды:

Соңғы бес жылда ауаның ластану деңгейі қыркүйек айында келесідей өзгерді:



Кестеден көріп отырғанымыздай, 2019,2020 және 2021 жылдардағы қыркүйектегі ластану деңгейі төмен, ал қалған жылдары ластану деңгейі көтеріңкі деп бағаланды.

Максималды-бір реттік ШЖШ арту жағдайларының саны төмендегілер бойынша байқалды: көміртегі оксиді (7 жағдай) және күкіртті сутегі (15 жағдай).

Орташа тәуліктік ШЖШ асу еселігі озон (жер беті) бойынша байқалды.

2.2 Бейнеу кентінің атмосфералық ауа сапасын бақылау

Бейнеу кенті аумағында атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 1 автоматтық бақылау бекетінде жүргізіледі (1-қосымша).

Жалпы қала бойынша 7 көрсеткішке дейін анықталады: 1) РМ-10 қалқыма бөлшектері; 2) күкірт диоксиді; 3) көміртегі оксиді; 4) азот диоксиді; 5) азот оксиді; 6) күкірттісутек; 7) озон.

1-кестеде бақылау бекеттерінің орналасқан жері және әрбір бекетте анықталатын көрсеткіштер тізбесі туралы ақпарат көрсетілген.

1 кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

№	Сынама алу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
7	үзіліссіз режимде әр 20 минут сайын	Бейнеу к, Қосай ата 15 (Ы.Алтынсарин мектебі)	РМ-10 қалқыма бөлшектері, азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, көміртегі оксиді, күкіртті сутек, озон (жербеті)

2023 жылғы қыркүйек айындағы Бейнеу кентінің атмосфералық ауа сапасы мониторингінің нәтижелері.

Бақылау желісінің деректері бойынша Бейнеу кентінің атмосфералық ауасының жалпы ластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, СИ=1,4 (төмен деңгей) мәнімен озон (жер беті) бойынша және ЕЖҚ=0 % (төмен деңгей) мәнімен анықталды.

Ластаушы заттардың максималды-бір реттік шоғырлары төмендегілер бойынша байқалды: озон (жер беті) – 1,4 ШЖШм.б.

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары төмендегілер бойынша байқалды: озон (жер беті) – 1,4 ШЖШо.т..

Экстремалды жоғары және жоғары ластану жағдайлары (ЭЖЛ және ЖЛ): ЖЛ (10 ШЖК астам) және ЭЖЛ (50 ШЖК астам) жағдайлары анықталмады.

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінен асып кету еселігі және асып кету жағдайларының саны 2-кестеде көрсетілген.

2 кесте

Атмосфералық ауа ластануының сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр		Ең жоғарғы бір реттік шоғыр		ЕЖҚ	ШЖШ арту жағдайларының саны		
	мг/м ³	ШЖШ о.т.асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ м.б.асу еселігі		%	> ШЖШ	>5 ШЖШ
					оның ішінде			
Бейнеу кенті								
PM-10 қалқыма бөлшектері	0,01	0,12	0,11	0,37	0			
Күкірт диоксиді	0,008	0,15	0,020	0,04	0			
Көміртегі оксиді	0,86	0,29	1,31	0,26	0			
Азот диоксиді	0,02	0,40	0,19	0,95	0			
Азот оксиді	0,02	0,28	0,07	0,18	0			
Озон	0,04	1,4	0,23	1,4	0	1		
Күкіртті сутегі	0,002		0,007	0,90	0			

Қорытынды:

Соңғы бес жылда ауаның ластану деңгейі қыркүйек айында келесідей өзгерді:



Кестеден көріп отырғанымыздай, 2021 және 2022 жылдардағы қыркүйек айындағы ластану деңгейі көтеріңкі, ал қалған жылдары ластану деңгейі төмен деп бағаланды.

Максималды-бір реттік ШЖШ арту жағдайларының саны төмендегілер бойынша тіркелді: озон (жер беті) (1 жағдай).

Орташа тәуліктік ШЖШ асу еселігі озон (жер беті) бойынша байқалды.

Эпизодтық бақылаулар деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Стационарлық бақылау бекеттерінен басқа Маңғыстау облысында жылжымалы экологиялық зертхана жұмыс істейді, оның көмегімен ауа сапасын өлшеу Қошқар ата к/к (1 нүкте) жүргізілді. Анықталатын қоспалар: 1) қалқыма

бөлшектер (шаң); 2) күкірт диоксиді; 3) көміртегі оксиді; 4) азот диоксиді; 5) азот оксиді; 6) күкірттісутек; 7) көмірсутектер сомасы.

Барлық анықталатын ластаушы заттардың шоғырлары бақылау деректері бойынша шекті жол берілген шоғырдан аспады.

**«Қошқар-Ата» қ/қ эпизодтық бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың
максималды шоғыры**

Анықталатын қоспалар	q_mмг/м³	q_m/ПЭКШ
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,068	0,136
Күкірт диоксиді	0,004	0,008
Көміртегі оксиді	2,84	0,57
Азот диоксиді	0,018	0,092
Азот оксиді	0,014	0,034
Күкіртті сутегі	0,003	0,431
Көмір сутегі сомасы	1,02	-

3. Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау 2 метеостанцияда (Ақтау, Форт-Шевченко) алынған жаңбыр суына сынама алумен жүргізілді.

Жауын-шашын құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті рұқсат етілген шоғырлардан аспады.

Жауын-шашын сынамаларында гидрокарбонаттар 17,92 %, сульфаттар 23,64 %, хлоридтер 25,46%, натрий иондары 11,84% және кальций иондары 11,78%, нитраттар 0,46%, магний иондары 2,49%, калий иондары 6,0%, аммоний 0,40% басым болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Форт-Шевченко МС – 535,0 мг/л, ең азы Ақтау МС – 239,0 мг/л белгіленді.

Атмосфералық жауын-шашынның үлесті электр өткізгіштігі 388,0 мкСм/см-ден (Ақтау МС) 990,0 мкСм/см (Форт-Шевченко МС) дейінгі шекте болды.

Түскен жауын-шашын қышқылдылығы 7,2 (Ақтау МС) – 6,9 (Форт-Шевченко МС) аралығында өзгерді.

4. Маңғыстау облысының аймағындағы жер үсті сулар сапасының мониторингі

Маңғыстау облысы бойынша теңіз үсті суларының сапасына бақылау Каспий теңізінің 28 нүктеде жүргізілді.

- жағалаулық станциялар: Ақтау қ, демалыс аймағы (2 нүкте), Ақтау қ, порт аймағы (2 нүкте), Құрық к. (3 нүкте), Адамтас маягі (3 нүкте), жағалаулық станциялар: Форт-Шевченко (1 нүкте), Фетисово (1 нүкте), Жығылған (1 нүкте), Қара Боғаз шығанақ аймағы (1 нүкте), Шақпақ-Ата (1 нүкте), Канга (1 нүкте),

Қызылөзен (1 нүкте), Саура (1 нүкте), Некропол-Қалың-Арбат (1 нүкте), Тасшынырау (1 нүкте), Суат (1 нүкте), мыс Аралды (1 нүкте), Қызылқұм (1 нүкте), Солтүстік Кендерлі (1 нүкте), Оңтүстік Кендерлі (1 нүкте); кен орындары – Қаражанбас (1 нүкте), Арман (1 нүкте), Бузашы (1 нүкте).

Гидрохимиялық бақылау **29** көрсеткіштер бойынша жүргізіледі: *көзбен шолу, су температурасы, сутегі көрсеткіші, еріген оттегі, қалқыма заттар, ОБТ₅, ОХТ, құрамында тұзы бар негізгі иондар, биогенді және органикалық заттар, ауыр металдар.*

4.1 Маңғыстау облысы аумағындағы судың гидрохимиялық көрсеткіштері бойынша Каспий теңізінің су сапасына мониторинг жүргізу нәтижелері

Орталық Каспий су температурасы 17,9-22,5 °С шегінде, теңіз суы сутегі көрсеткіші – 8,0-8,3, суда еріген оттегі –6,2-8,1 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,9-3,3 мг/дм³, мөлдірлігі – 85-93 см, ОХТ – 11,2-24,5 мг/дм³, қалқыма заттар -13,2-36,8 мг/дм³, минерализация – 9993,2998 -20170,80078 мг/дм³.

2 Қосымшада Орталық Каспий жер үсті су сапасының нәтижелері бойынша ақпарат.

5. Түптік шөгінділер сапасының жай-күйі

Түптік шөгінділер сапасына мониторинг Орталық Каспий теңізінің келесі нүктелерінде жүргізіледі: Құрық к. (3 нүкте), Адамтас маягі (3 нүкте), Жығылған (1 нүкте), Қара Боғаз (1 нүкте, Суат (1 нүкте), Қызылқұм (1 нүкте); кен орындары – Қаражанбас (1 нүкте), Арман (1 нүкте), Бузашы (1 нүкте)– 13 алу нүктелері.

Мұнай өнімдері, мыс, хром, кадмий, никель, марганец, қорғасын, мырыш мөлшері анықталады.

6.1 Маңғыстау облысы аумағындағы Каспий теңізінің түптік шөгінділеріне жүргізілген мониторинг нәтижелері

Жағалау станциялары теңіз түбіндегі шөгінді сынамаларында марганецтің мөлшері 1,33 – 1,85 мг/кг, хром-0,024 – 0,049 мг/кг, мұнай өнімдері-0,037 – 0,117 мг/кг, мырыш-0,22 – 1,13 мг/кг, никель-1,15 - 1,34 мг/кг, қорғасын-0,005 – 0,015 мг/кг және мыс-1,18-1,53 мг / кг.

Кен орындары теңіз түбіндегі шөгінділердің үлгілерінде марганецтің мөлшері 1,29-1,55 мг/кг, хром- 0,048-0,076 мг/кг, мұнай өнімдері-0,099-0,119 мг/кг, мырыш-1,02-1,15 мг/кг, никель 1,13 – 1,36 мг/кг, мыс-1,11-1,41 мг/кг және қорғасын-0,012-0,023 мг / кг.

Орта және Оңтүстік Каспийдің шекаралас аумағы (**Адамтас шамшырағы**) Теңіз түбіндегі шөгінді сынамаларында марганецтің мөлшері 0,88-1,02 мг/кг, хром-0,03-0,041мг/кг, мұнай өнімдері – 0,026 -0,042 мг/кг, мырыш-0,5-0,7 мг/кг, никель 1,04-1,14 мг/кг, мыс-1,09-1,24 мг/кг және қорғасын-0,0035-0,0056 мг / кг.

Құрық елді мекенінің ауданы теңіз түбіндегі шөгінділердің үлгілерінде марганецтің мөлшері 1,1 - 1,39 мг/кг, хром-0,024-0,029 мг/кг, мұнай өнімдері-0,037-0,045 мг/кг, мырыш-0,6-0,8 мг/кг, никель 1,04-1,22 мг/кг, қорғасын-0,008-0,011 мг/кг және мыс-1,36-1,52 мг/кг.

Тұстамалар бөлінісіндегі көрсеткіштер бойынша түптік шөгінділер жөніндегі ақпарат 3-қосымшада көрсетілген.

6. Радиациялық жағдай

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күн сайын жергілікті 4 метеорологиялық стансада (Ақтау, Форт-Шевченко, Жаңаөзен, Бейнеу), Қошқар-Ата қалдық орнында және атмосфералық ауаның ластануына бақылау Жаңаөзен қаласының (№1, №2 ЛББ) 2 автоматты бекетінде бақылау жүргізіледі.


Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,07-0,14 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,11 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін нормаға сәйкес келеді.

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Маңғыстау облысының аумағында 3 метеорологиялық станцияда (Ақтау, Форт-Шевченко, Жаңаөзен) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (11.12-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 1,5 – 2,3 Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,7 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



1 сурет – Ақтау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы



2 сурет – Жаңаөзен қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы



3 сурет – Бейнеу кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы



4 сурет – Қошқар-Ата қ/к экспедициялық нүктелерінің орналасу орындарының картасы

**Маңғыстау облысының аумағындағы
Каспий теңізінің жер үсті сулары сапасының нәтижелері**

	Ингредиенттердің атауы	Өлшем бірлігі	Қыркүйек 2023 ж
			Орта Каспий
1	Көзбен шолу		мөлдір су, иіссіз
2	Температура	°С	19,893
3	Сутегі көрсеткіші		8,091
4	Еріген оттегі	мг/дм ³	7,482
5	Ашықтық	см	90,143
6	Қалқыма заттар	мг/дм ³	17,643
7	ОБТ5	мг/дм ³	2,481
8	ОХТ	мг/дм ³	17,454
9	Гидрокарбонаттар	мг/дм ³	214,186
10	Минерализация	мг/дм ³	12343,754
11	Натрий	мг/дм ³	1967,393
12	Калий	мг/дм ³	86,857
13	Құрғақ қалдық	мг/дм ³	9418,243
14	Кальций	мг/дм ³	287,143
15	Магний	мг/дм ³	515,321
16	Сульфаттар	мг/дм ³	3008,646
17	Хлоридтер	мг/дм ³	6386,804
18	Фосфаттар	мг/дм ³	0,134
19	Жалпы фосфор	мг/дм ³	0,012
20	Нитритті азот	мг/дм ³	0,018
21	Нитратты азот	мг/дм ³	1,621
22	Жалпы темір	мг/дм ³	0,05
23	Тұзды аммоний	мг/дм ³	0,412
24	Қорғасын	мг/дм ³	0,0021
25	Мыс	мг/дм ³	0,01936
26	Мырыш	мг/дм ³	0,025
27	АББЗ /СББЗ	мг/дм ³	0,026
28	Фенолдар	мг/дм ³	0,0008
29	Мұнай өнімдері	мг/дм ³	0,036

**Каспий теңізінің түбіндегі шөгінділер туралы ақпарат
Маңғыстау облысының аумағында**

Водный объект и створ	Анализируемые компоненты	Концентрация
Орта Каспий – Құрық ауылы	Мыс, мг / кг	1,36-1,52
	Марганец, мг/кг	1,1-1,39
	Хром, мг/кг	0,024-0,029
	Мұнай өнімдері, мг/кг	0,037-0,045
	Қорғасын, мг/кг	0,008-0,011
	Мырыш, мг/кг	0,6-0,8
	Никель, мг/кг.	1,04-1,22
Орта Каспий – маяк Адамтас	Мыс, мг / кг	1,09-1,24
	Марганец, мг/кг	0,88-1,02
	Хром, мг/кг	0,03-0,041
	Мұнай өнімдері, мг/кг	0,026-0,042
	Қорғасын, мг/кг	0,0035-0,0056
	Мырыш, мг/кг	0,5-0,7
	Никель, мг/кг.	1,04-1,14
Қара Боғаз	Мыс, мг / кг	1,53
	Марганец, мг/кг	1,85
	Хром, мг/кг	0,041
	Мұнай өнімдері, мг/кг	0,117
	Қорғасын, мг/кг	0,015
	Мырыш, мг/кг	0,99
	Никель, мг/кг.	1,34
Қызылқұм	Мыс, мг / кг	1,27
	Марганец, мг/кг	1,33
	Хром, мг/кг	0,049
	Мұнай өнімдері, мг/кг	0,108
	Қорғасын, мг/кг	0,011
	Мырыш, мг/кг	1,13
	Никель, мг/кг.	1,24
Жығылған	Мыс, мг / кг	1,18
	Марганец, мг/кг	1,56
	Хром, мг/кг	0,024
	Мұнай өнімдері, мг/кг	0,038
	Қорғасын, мг/кг	0,005
	Мырыш, мг/кг	0,22
	Никель, мг/кг.	1,15
Суат	Мыс, мг / кг	1,23
	Марганец, мг/кг	1,44
	Хром, мг/кг	0,033
	Мұнай өнімдері, мг/кг	0,037
	Қорғасын, мг/кг	0,011
	Мырыш, мг/кг	0,5
	Никель, мг/кг.	1,34
Бузашы	Мыс, мг / кг	1,11
	Марганец, мг/кг	1,34
	Хром, мг/кг	0,052
	Мұнай өнімдері, мг/кг	0,113
	Қорғасын, мг/кг	0,012
	Мырыш, мг/кг	1,07
	Никель, мг/кг.	1,28
Қаражанбас	Мыс, мг / кг	1,36
	Марганец, мг/кг	1,55
	Хром, мг/кг	0,076

	Мұнай өнімдері, мг/кг	0,119
	Қорғасын, мг/кг	0,023
	Мырыш, мг/кг	1,02
	Никель, мг/кг.	1,13
Арман	Мыс, мг / кг	1,41
	Марганец, мг/кг	1,29
	Хром, мг/кг	0,048
	Мұнай өнімдері, мг/кг	0,099
	Қорғасын, мг/кг	0,019
	Мырыш, мг/кг	1,15
	Никель, мг/кг.	1,36

4-қосымша

Елді-мекен ауасындағы ластаушы заттардың шекті жол берілген шоғырлары (ШЖШ)

Қоспаның атауы	ШЖШ мәні, мг/м ³		Қауіптілік класы
	максималды бір ретгі	орта-тәуліктік	
Азот диоксиді	0,2	0,04	2
Азотоксиді	0,4	0,06	3
Аммиак	0,2	0,04	4
Бенз/а/пирен	-	0,1 мкг/100 м ³	1
Бензол	0,3	0,1	2
Бериллий	0,09	0,00001	1
Қалқыма заттар (бөлшектер)	0,5	0,15	3
PM 10 қалқыма бөлшектері	0,3	0,06	
PM 2,5 қалқыма бөлшектері	0,16	0,035	
Хлорлы сутек	0,2	0,1	2
Кадмий	-	0,0003	1
Кобальт	-	0,001	2
Марганец	0,01	0,001	2
Мыс	-	0,002	2
Күшала	-	0,0003	2
Озон	0,16	0,03	1
Қорғасын	0,001	0,0003	1
Күкірт диоксиді	0,5	0,05	3
Күкірт қышқылы	0,3	0,1	2
Күкіртті сутек	0,008	-	2
Көміртегі оксиді	5,0	3	4
Фенол	0,01	0,003	2
Формальдегид	0,05	0,01	2
Фторлы сутек	0,02	0,005	2
Хлор	0,1	0,03	2
Хром (VI)	-	0,0015	1
Мырыш	-	0,05	3

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 2 тамыздағы №ҚР ДСМ-70 бұйрығы, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 3 тамызда № 29011 болып тіркелді.

Атмосфераның ластану индексінің дәрежесін бағалау

Дәрежесі		Атмосфера ластануының көрсеткіштері	Бір жылғы бағалау
градациялар	атмосфераның ластануы		
I	Төмен	СИ ЕЖҚ, %	0-1 0
II	Көтеріңкі	СИ ЕЖҚ, %	2-4 1-19
III	Жоғары	СИ ЕЖҚ, %	5-10 20-49
IV	Өте жоғары	СИ ЕЖҚ, %	>10 >50

Мемлекеттік органдарды тұрғындар қоғамдастығын ақпараттандыру үшін қалалардың атмосфера ластануының жай-күйі жөніндегі құжат 52.04.667–2005 БҚ. Өзірлеуге, салуға, баяндауға және мазмұндауға қойылатын жалпы талаптар.

Радиациялық қауіпсіздік нормативі*

Стандартталған мәндер	Доза шектері
Тиімді доза	Халықтың орналасуы
	Жылына орта есеппен алғанда 1 мЗв кез келген 5 жыл ішінде 5 мЗв аспайды

* «Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар»

**«АҚТАУ ТЕҢІЗ ПОРТЫ» АЭА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БЕКЕТІНІҢ
СЫНАҚ ЗЕРТХАНАСЫ "ҚАЗГИДРОМЕТ"
РМК МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ**

**МЕКЕН-ЖАЙЫ:
АҚТАУ ҚАЛАСЫ
ТЕҢІЗ ПОРТЫ АУДАНЫ
ТЕЛ. 8-(7292)-44-53-81**

E MAIL:ILEP_MNG@METEO.KZ